Қазақстан Республикасы Қаржы Министрлігі Ішкі мемлекеттік аудит комитетінің төрағасы
Аниятулла Умирзахулы Сарсеновке

Жамбыл облысының әкімі
Асқар Исабекұлы **Мырзахметовке**

Мега БЕН Строй ЖШС-нің
директоры
Е.Ж.Жиембайдан

Арыз

Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының талаптарына сай, Жамбыл облыстық әкімдігіне қарасты басқармасымен №2154774-1 санды конкурс жарияланып, аталған заңның талаптарын, Ата заңымызда, Азаматтық және жеке кәсіпкерлік туралы кодекстерде көрсетілген жеке кәсіпкерлердің құқықтарын өрескел бұзу орын алуына байланысты арызданып отырмын, жазбаса болмайтын құқық бұзушылық сыбайластыққа жол берілген іс-әрекеттер өте көп орын алған.
1.19.01.2018 жылғы №2154774-ОК1 ашу хаттамасында аталған конкурстың комиссиясының төрағасы болып Жамбыл облысының **әкімі Кокрекбаев К.Н.** тұр, сонда қалай болғаны облыс әкімі өзіне бағынышты басқарманың конкурсына төраға болып қол қойғаны заң талаптарына қайшы және өтірік, бұл мәсені Президентімізге, Атамекен кәсіпкерлік одағына және КТК телевидениесіне Платоновқа жазамын Сіздерден жауап алған соң, оның үстіне **ол әкім** 19.01.2017 жылы сағат 13-15 де **қай жерде болды екен.**
2.**05.02.2018 жылғы** №2154774-ОК1 алдын ала рұқсат беру хаттамасында конкурстық комиссияның төрағасы болып **Жамбыл облысы әкімінің бірінші орынбасары Орынбеков Б.С.** хаттамаға электронды қолын қойған, бұл іс-әрекетіде заңға қайшы ҚР «Әкімшілік рәсімдер туралы» Заңының талаптарына қайшы, жоғары тұрған лауазым иесі өзіне бағынышты басқарманың басшысының бұйрығымен конкурстық комисияның төрағасы болып тағайындала алмайды және егерде конкурсты облыс әкімі өткізгісі келіп жатса бір фирмаға бергісі келіп онда облыс әкімдігі өзі конкурс өткізуі тиіс болса онда дұрыс болар еді оның үстіне 05.02.2018 жылы сағат 13-15 де қай жерде болды екен.
3.22.02.2018 жылы №2154774-ОК1 санды **қорытындылар** туралы хаттамада конкурстық комиссияның төрағасы болып Жамбыл облысы әкімінің бірінші орынбасары **Орынбеков Б.С.** хаттамаға электронды қолын қойып, заңсыз мемлекеттік сатып алу туралы, кәсіпкерлік туралы заңның талаптарын өрескел бұзып, 7-заңды тұлғаны негізсіз конкурстан шеттетіп, баллдарын дұрыс берместен кемітіп, тек «Тараз құрылыс дизайн» ЖШС-ін өткізіп, сыбайластыққа жол беріп мемлекеттік қызметкерлер әдеп кодексіне тән

қылықтар көрсетпестен, жеке кәсіпкерлердің құқын не то слова бұзып аяқпен жерге таптағаны үшін до конца баруға бел будым, бәріміз қорқып індемей отыра берсек, ертең конкурсты спокойно өзінің адамдарына таратып шеттен шығып қатты байып сосын М.Аблязов сияқты біздің елдің саясатын жамандап шетелге кетіп қалуы мүмкін.

Ең сорақысы мемлекеттік сатып алу туралы Заңның негізгі қағидасын бұзып, мемлекет қаржысын үнемдеу, яғни ең төмен баға берген, адал бәсекелестікпен жеңіске жеткен жеке кәсіпкерді өткізу принциптерін ұстамастан «Тараз құрылыс дизайн» ЖШС-ін 126 583 700 теңге берілген бағадан 123 000 000 теңге ұсынысымен өткізіп отыр, Мега БЕН Строй ЖШС-не заңды 13 балл берудің орнына 3 балл беріп, 95 000 000 теңге ұсыныс баға берген фирмаларды құлатып наглым образом «Тараз құрылыс дизайн» ЖШС-ін өткізген, енді ешкім арызданбаса из одного источника приглашение жасап келісім шартқа отырып, ойлаған іс-әрекеттерін іске асырады.

4.01.02.2018 жылы Жамбыл облысы әкімдігінің құрылыс, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасы басшысының міндетін атқарушы Р.Аққозиев №86-ГЗ санды бұйрығымен басқарманың 26.12.2017 жылғы №16-ГЗ бұйрығына келесі өзгерістер енгізген: Жамбыл облысы әкімі Кокрекбаев К.Н. орнына облыс әкімінің бірінші орынбасары Орынбеков Б.С. деп. Сонда қалай басқарма басшысының міндетін атқарушы Р.Аққозиев бұйрығымен облыс әкімін төрағалықтан алып, бірінші орынбасарын төраға етіп тағайындауға лауазымдық құқы жеткілітіма, верховенство закона қайда.

5.Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсултан Әбішұлы Назарбаевтың Жарлығымен **10.01.2018 жылы** Жамбыл облысының әкімі болып **Мырзахметов Асқар Исабекович** тағайындалып отырып, **19.01.2018** жылғы №2154774-ОК1 ашу хаттамасында аталған конкурстың комиссиясының төрағасы болып Жамбыл облысының әкімі **Кокрекбаев К.Н.** тұр – бұл не.

6.Осындай заң бұзушылықтың 22.02.2018 жылы №2154774-ОК1 санды қорытындылар туралы хаттамада орын алуына Президенті Нұрсултан Әбішұлы Назарбаевтың Жарлығымен 10.01.2018 жылы Жамбыл облысының әкімі болып тағайындалған Мырзахметов Асқар Исабековичтің қатысы нұсқауы жоқ шығар деген үміттеміз, ал бірақта өзінің бірінші орынбасарының осындай заңсыз іс-әрекеттеріне тиісті бағасын беруі керек емеспа деп облыс әкімінің атына да арызды жолдау қажет сияқты.

7.Ең өкініштісі лауазым иелерінің бәрін түгел тәртіптік шараға тарту керек, сыбайластыққа жол бергені үшін, неге десеңіз осындай көке жаке болмасын сыбайластықтың алдын алу үшін Қаржы Министрінің 22.12.2017 жылғы №739 санды бұйрығымен Ережеге өзгерістер енгізілген, онда конкурстан құлату көзделмеген керісінше ең аз баға берген кәсіпкермен келісім шартқа отырып, жұмысыңды істетіп ал, экономия болған сомаға сорың құрғыр өзге қажет деп тапқан қажеттіліктеріңі жұмса не болса мемлекетке қайтар деген бұйрықты орындамауда, пысқырмауда, әдеп кодексі, Президентіміздің жолдауы 10-міндет, оның ішінде сыбайластыққа жол бермеу қайда, бәрін

наказать ету керек әйтпесе олар халықтың мемлекеттік қызметкерге деген сенімін арттырудың орнына, өзге сенімсіздік парақорлық, сыбайластық

8.Тексеру қорытындысын толық мәтінде жолдауыңызды сұраймын, ұсыныс енгізілді, бұзатын болды деп, келіспесеңіз сотқа, жоғары тұрған органға шағымдануыңызға құқыңыз бар деп жаза салмаңыз толық мәтінде жолдаңыз, ары қарай **Шпекбаевқа, Қожамжаровқа, БАҚ құралдарына, шындықты көп көрсететін КТК Платоновқа** жолдау үшін қорытынды толығымен қажет.

Ата Заңымызда көрсетілгендей, біздің құқықтарымыздың бұзылмауына кепілдік беретін ол Елбасы, Тұңғыш Президентіміз Нұрсултан Әбішұлы Назарбаев, заңдардың, нормативтік құқықтық актілердің дәлме-дәл орындалуын қадағалайтын орган ол Прокуратура және мемлекет орган басшылары, лауазым иелері.

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде мемлекет кәсіпкерлік қызмет еркіндігіне кепілдік береді және оны қорғау мен қолдауды қамтамасыз ететіні көрсетілген.

Қазақстан Республикасында кәсіпкерлік еркіндігін қамтамасыз ететін құқықтық, экономикалық және әлеуметтік жағдайлар мен кепілдіктерді айқындайды, кәсіпкерлік субъектілері мен мемлекеттің өзара іс-қимылына, оның ішінде кәсіпкерлікті мемлекеттік реттеуге және қолдауға байланысты туындайтын қоғамдық қатынастарды реттейтін ол Кәсіпкерлік Кодексі.

Кодекстің 3-ші бабында кәсіпкерлік субъектілері мен мемлекеттің өзара іс-қимылының мақсаттары мен қағидаттары баяндалған, онда кәсіпкерлік субъектілері мен мемлекеттің өзара жауапкершілігі, сыбайлас жемқорлықтан азат болу, кәсіпкерлік қызметті ынталандыру және оны қорғау мен қолдауды қамтамасыз ету көрсетілген.

Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасының сақталуын бақылауды уәкілетті орган жүзеге асырады.

Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау органдары Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасының сақталуын бақылауды «Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы» Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген өкілеттіктер шегінде жүзеге асыратыны Заңның 18-ші бабында айқындалған.

Уәкілетті орган тексерулерді мынадай жағдайлардың бірі басталған кезде тапсырыс берушінің, мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушының, мемлекеттік сатып алуды бірыңғай ұйымдастырушының не конкурстық комиссияның (аукциондық комиссияның), сараптама комиссиясының, сарапшының, мемлекеттік сатып алу саласындағы бірыңғай оператордың әрекеттеріне (әрекетсіздігіне), шешімдеріне шағым жасап әлеуетті өнім беруші, конкурсқа не аукционға қатысушы, өнім беруші не олардың уәкілетті өкілі жазбаша өтініш бергенде жүзеге асырады.

Уәкілетті орган бақылау іс-шараларын, оның ішінде камералдық бақылауды жүргізу нәтижесінде бақылау объектісінің Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасын бұзғанын анықтаған кезде мынадай шаралар қабылдайды:

1) бақылау объектісіне камералдық бақылау нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтарды жою туралы орындалуы міндетті нұсқама, хабарлама жібереді;

2) міндеттемелері тиісті түрде орындалған мемлекеттік сатып алу туралы шарттарды қоспағанда, Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасын бұза отырып жасалған, күшіне енген мемлекеттік сатып алу туралы шарттарды жарамсыз деп тану туралы талап арызбен сотқа жүгінеді;

Заңның 47-ші, 48-ші бабтарының талаптарына сай, Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасын бұза отырып түзілген конкурс қорытындыларын, бұзып, әлеуетті өнім берушілер арасында адал бәсекелестікпен конкурс өту қағидасын негізге алып, тиісті шешім қабылдауыңызды сұраймын.

Директор Ж.Е.Жиембайұлы